

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Тексеру барысында бұзушылықтар анықталған жоқ

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және "Мемлекеттік техникалық қызмет" АҚ-мен бірлесіп, БЖЗҚ-дан деректердің тарап кетуі туралы пайда болған ақпаратқа байланысты жүргізген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін жоспардан тыс тексеруі барысында Қор тарапынан бұзушылықтардың **анықталмағандығын** хабарлайды.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Қор GitHub сайтындағы құжаттарда белгісіз тұлғалар орналастырған БЖЗҚ базасынан қазақстандықтардың дербес деректерінің таралуы туралы ақпараттың желіде таралуына байланысты мұның **шындыққа сәйкес келмейтіні** туралы **ресми мәлімдеме** жасаған болатын.

Барлық сұрақтарға жауап алуға және ақпаратты тексеруге **БЖЗҚ бөлімшелерінде** де, қашықтықтан да: enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы, 1418 байланыс орталығының нөміріне, сондай-ақ, WhatsApp арқылы көп арналы тегін байланыс нөміріне +7 777 000 1418 қоңырау шалу арқылы, Instagram және "Twitter", "Facebook", "Одноклассники", Telegram сияқты танымал платформалардағы БЖЗҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы қол жеткізуге болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).